

Г.А.Амзеева,^{*1}  Р.Т.Игенбаева,¹  К.Т.Құдайбергенова¹ ¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан**БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН ӨЛШЕМДЕРІ***Аңдатпа*




Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығын зерттеу бірқатар себептерге байланысты өзекті мәселе болып қала береді: бұл тақырыптың жеткілікті зерттелмегендігі, эмоционалдық тұрақтылыққа ие мамандарға қажеттілік және бұл қасиетті дамыта алатын мамандардың қажеттілігі. Эмоционалдық тұрақтылық жеке тұлғаның маңызды интегративті қасиеті ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін маңызды рөл атқарады. Дегенмен, осы күнге дейін бұл ұғымның нақты анықтамасы, сондай-ақ оның құрылымы, критерийлері, механизмдері мен қалыптасу шарттары туралы жалпыға бірдей танылған түсінік жоқ.

Мақалада эмоционалдық тұрақтылыққа қатысты зерттеулерге қысқаша шолу жасалған. Оның компоненттері, критерийлері, көрсеткіштері және олардың өзара байланыстары қарастырылып, эмоционалдық тұрақтылықтың нақты сипаттамаларын анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеудің нәтижелері ұсынылған.

Эмоционалдық салаға қатысты кез келген тұлғалық қасиет градация түрінде көрсетілуі мүмкін - төмен деңгейден жоғары деңгейге дейін, терісінен оңына дейін. Мақалада әртүрлі критерийлер мен көрсеткіштерді осы контексте қарастыру ұсынылады: мотивациялық критерий (әлсіз мотивациядан жоғары мотивацияға дейін), когнитивті критерий (білімнің толықтығынан олардың жетіспеушілігі мен жүйесіздігіне дейін), эмоционалдық критерий (эмоционалдық енжарлықтан шамадан тыс қозғыштыққа дейін), еріктік критерий (әлсіздік сезімінен және өзін-өзі бақылау дағдыларының болмауынан шамадан тыс сенімділік пен өзін-өзі бақылауға дейін), және коммуникативтік критерий (коммуникативтік енжарлықтан агрессивтілікке дейін).

Өткізілген эмпирикалық зерттеудің нәтижелері бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бір, екі немесе үш критерийдің дамуы басым болатын үш топ анықталды. Бір критерий басым болған бірінші топта коммуникативтік критерийдің басым болуы жиі кездеседі. Екі критерий басым болған екінші топта еріктік және эмоционалдық критерийлер басым. Үш критерий басым болған үшінші топта коммуникативтік, эмоционалдық және еріктік критерийлердің үйлесімі анықталды.

Түйін сөздер: кәсіби дайындық, тұрақтылық критерийлері, мотивациялық критерий, когнитивтік критерий, эмоционалдық критерий, еріктік критерий.

Амзеева Г.А.,^{*1}  Игенбаева Р.Т.,¹  Құдайбергенова К.Т.¹ ¹Қызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан**ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ И КРИТЕРИИ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ***Аннотация*

В статье рассматривается проблема эмоциональной устойчивости будущих учителей начальных классов как важного аспекта их профессиональной подготовки. Актуальность исследования обусловлена недостаточной изученностью данного феномена, а также потребностью в педагогах, способных эффективно справляться с эмоциональными нагрузками и формировать это качество у учащихся. Эмоциональная устойчивость представляется как интегративное свойство личности, играющее ключевую роль в успешной педагогической деятельности.

В статье проводится краткий обзор научных работ, посвященных эмоциональной устойчивости, и обсуждаются её структура, компоненты, критерии и механизмы формирования, которые до сих пор не имеют четкого определения и общепризнанного понимания. Рассматриваются такие критерии, как мотивационный (от слабой до высокой мотивации), когнитивный (от дефицита знаний до их структурированности), эмоциональный (от пассивности до чрезмерной возбудимости), волевой (от беспомощности до излишней уверенности) и коммуникативный (от пассивности до агрессивности).

Результаты эмпирического исследования позволили выделить три группы студентов - будущих учителей начальных классов: в первой группе преобладает один критерий, чаще всего коммуникативный. Во второй группе наблюдается доминирование двух критериев, преимущественно волевого и эмоционального. И в третьей группе отмечается развитие сразу трёх критериев - коммуникативного, волевого и эмоционального.

Таким образом, статья не только выявляет характерные черты эмоциональной устойчивости, но и акцентирует внимание на необходимости дальнейших исследований для разработки эффективных подходов к её формированию у будущих педагогов.

Ключевые слова: профессиональная подготовка, критерии устойчивости, мотивационный критерий, когнитивный критерий, эмоциональный критерий, волевой критерий.

Amzeeva G.^{1*}, Igenbayeva R.², Kudaibergenova K.³
¹Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

KEY INDICATORS AND CRITERIA EMOTIONAL STABILITY OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

The study of emotional resilience among future elementary school teachers remains a relevant issue for several reasons: the topic is not sufficiently explored, there is a need for specialists with emotional stability, and there is a demand for individuals who can develop this quality. Emotional stability, as an important integrative property of personality, plays a key role for future primary school teachers. However, there is still no clear definition of this concept, nor a generally accepted understanding of its structure, criteria, mechanisms, and conditions for its formation.

This article provides a brief overview of research related to emotional resilience. It examines its components, criteria, indicators, and their interrelationships, and presents the results of an empirical study aimed at identifying specific characteristics of emotional resilience.

Any personality trait related to the emotional sphere can be represented in a gradation—from low to high levels, from negative to positive manifestations. The article suggests considering various criteria and indicators in this context: motivational criterion (from weak to strong motivation), cognitive criterion (from the completeness of knowledge to deficiency and lack of structure), emotional criterion (from emotional passivity to excessive excitability), volitional criterion (from a sense of helplessness and lack of self-control to excessive self-confidence and control), and communicative criterion (from communicative passivity to aggressiveness).

The findings of the empirical research enabled the classification of future elementary school teachers into three distinct groups based on the dominance of one, two, or three developmental criteria. In the first group, characterized by the predominance of a single criterion, the communicative criterion was observed to be the most prevalent. The second group, marked by the dominance of two criteria, primarily exhibited a combination of volitional and emotional traits. The third group demonstrated the simultaneous development of three criteria, reflecting a blend of communicative, volitional, and emotional components.

Keywords: professional training, stability criteria, motivational criterion, cognitive criterion, emotional criterion, volitional criterion.

Кіріспе. Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жағдайында еліміздің даму бағыттарының бірі инновациялық экономиканы қалыптастыру және білім беру жүйесін жаңғырту болып табылады. Бұл қадамдар динамикалық экономикалық өсу мен қоғамның әлеуметтік дамуының негізі болып табылады, бұл өз кезегінде азаматтардың әл-ауқаты мен елдің қауіпсіздігіне ықпал етеді. Жалпы білім беру жүйесін дамыту оқытуды жекелендіруге және практикалық дағдылар мен іргелі дағдыларға назар аударуға бағытталған.

Педагогтердің педагогикалық және психологиялық қызметін талдау олардың кәсіби іс-әрекеттеріне әсер ететін негізгі факторлардың бірі эмоционалдық тұрақтылық екенін көрсетті. Алайда, оның маңыздылығына қарамастан, эмоциялардың реттеуші қызметі әлі де жеткілікті зерттелмеген.

Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде мұғалімнің жұмысы эмоционалды бағалау тұрғысынан ең стресстік жұмыстардың бірі екендігі көрсетілген. Педагогтер мен балалар арасындағы психологиялық жағымды қарым-қатынастар білім беру процесінің тиімділігіне ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен оқушылардың психологиялық денсаулығына да әсер етеді.

T.Voss, W.Wagner, U.Klusmann, U.Trautwein, M.Kunter мақаласында эмоционалдық тұрақтылық мұғалімнің негізгі тұлғалық қасиеті ретінде қарастырылады. Бұл эмоционалдық шаршаудың алдын алуға және эмоционалды стресстік жағдайларға сәтті бейімделуге көмектеседі. Эмоционалды тұрақты мұғалім оқушылардың эмоционалдық жағдайын тиімді

басқара білу, жанжалдардың алдын алу, олардың ақыл-ой ресурстарын тиімді пайдалана білу қабілетін көрсетеді [1].

M.Lee, R.Pekrun, J.Taxer, P.Schutz, L.Vog, X.Xie зерттеулері педагогтің эмоционалдық саласына арналған, эмоционалдық тұрақтылық эмоционалдық жағдайды реттеуге ықпал етеді деген болжам жасады. Зерттеу барысында эмоционалды тұрақты мұғалімдердің жағымды эмоцияларды бастан кешіретіні және ашу, алаңдаушылық, фрустрация сияқты жағымсыз эмоционалдық күйлермен оңай күресетіні анықталды [2].

М.А.Лазарев педагогтердің кәсіби тұрақтылығын бір түрдегі кәсіби субмәдениет ретінде қарастырады, бұл кәсіби күйзелістің алдын алудың бір тәсілі болып табылады; күрделі өмірлік шешімдер үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болуымен тығыз байланысты; педагогтің кәсіби қызметіндегі өзін-өзі жетілдіруді, белсенді өмірлік ұстанымды, педагогикалық мамандық пен ұжымның құндылықтарын қабылдауды қамтиды. Осы ғалымдардың пікірінше, педагогтің кәсіби тұрақтылығының қалыптасуы өз кезегінде шығармашылық белсенділіктің көрініс табуына, мамандыққа деген жоғары қызығушылықтың дамуына ықпал етеді [3].

Отандық зерттеуші Г.Ж.Сарбасова білім беру саласындағы эмоционалдық тұрақтылықты стресспен күресу қабілетін, позитивті көзқарасты, шыдамдылық пен сабырлықты қамтитын қасиет ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, бұл қасиет тұлғаның кез келген қызмет саласында және жеке өмірінде маңызды рөл атқарады. Психологиялық тұрақтылықтың арқасында адам өзін және қоршаған ортаны үйлесімге келтіріп, өз еңбегінен ләззат алып, достық қарым-қатынастарды бағалап, балаларды тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасай алады [4].

Эмоционалдық тұрақтылық феноменін зерттей келе, Л.М. Аболин оның қалыптасуы мен дамуына әсер ететін екі негізгі факторлар тобын анықтады: сыртқы (объективті) және ішкі (субъективті) факторлар.

Сыртқы факторлар қатарына экстремалды жағдайлар, «экстремалды тітіркендіргіштер» (стрессорлар), «эмоция туғызатын» оқиғалар және басқа да сыртқы әсерлер жатады.

Ішкі факторлар физиологиялық реактивтілікке (мысалы, эмоционалдық қозғыштық), жүйке жүйесінің қасиеттеріне (күш, қозғалғыштық, тепе-теңдік) және адамның тұрақты психологиялық сипаттамаларына (мазасыздық деңгейі, экстраверсия және интроверсия, ерікті бақылау, мінез акцентуациялары) негізделеді [5].

«Эмоционалдық тұрақтылық» ұғымының мәні туралы әртүрлі көзқарастарды талдау және оның құрылымын зерттеу бұл құбылыстың тұлғаның интегративті қасиеті екенін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз, эмоционалдық тұрақтылық адамның түрлі эмоционалдық жағдайларға бейімделу қабілетін және оның психологиялық тепе-теңдігін сақтай білуін қамтиды.

Эмоционалдық тұрақтылықтың негізгі ерекшеліктерін бірнеше аспектіден қарастыруға болады. Эмоционалды маңызды жағдайларға сәйкес жауап беру - адам стресстік немесе эмоционалдық қысым жағдайында өз мінез-құлқын бақылауда ұстап, эмоцияларын тиімді басқара алады. Бұл қасиет адамға шешім қабылдауда объективті болуға және эмоциялардан тәуелсіз әрекет етуге көмектеседі.

Стресс пен қиындықтардан кейінгі қалпына келу - эмоционалдық тұрақтылық тұлғаның күйзеліс жағдайынан кейін өз психологиялық тепе-теңдігін қайта қалпына келтіру қабілетінде байқалады. Бұл үдеріс адамның эмоционалдық және психикалық ресурстарын сақтап, жаңа жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді.

Динамикалық тепе-теңдікті сақтау - эмоционалдық тұрақтылық адамға сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен туындаған өзгерістерге қарамастан, өзін психологиялық тұрғыдан жайлы сезінуге мүмкіндік береді. Бұл қасиет адамның жүйке жүйесінің тұрақтылығын, өзін-өзі реттеу дағдыларын және ішкі үйлесімділігін сақтауымен тығыз байланысты. Яғни, эмоционалдық тұрақтылық адамның эмоционалдық және психологиялық икемділігін көрсететін кешенді қасиет болып табылады. Бұл қасиет тұлғаның түрлі қиындықтарды жеңе

отырып, өзінің психологиялық және эмоционалдық тепе-теңдігін сақтай алатын қабілеті ретінде маңызды рөл атқарады.

Педагогтің эмоционалдық тұрақтылығы – бұл кәсіби маңызды қасиет, ол педагогке өз эмоцияларын бақылауға және педагогикалық тәжірибе барысында туындайтын шиеленісті немесе күрделі эмоционалдық жағдайларда дұрыс және сәйкес әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл қасиет мұғалімнің келесі қабілеттерін қамтиды. 1. Эмоцияларды басқару: Педагогтің эмоцияларын тиімді реттей білуі, стресстік жағдайларда сабырлы қалуы және өзіне немесе айналасындағыларға теріс әсер етпейтін әрекет таңдауы. 2. Эмоционалдық қысымды жеңу. Қиындықтарға тап болғанда өзін-өзі қолдау, эмоционалдық тепе-теңдікті сақтай отырып, жұмысқа зейін қою. 3. Кәсіби қарым-қатынаста тұрақтылық көрсету. Оқушылармен, ата-аналармен немесе әріптестермен шиеленіс туындағанда эмоцияларға берілмей, жағдайды дұрыс шешу қабілеті.

Эмоционалдық тұрақтылық педагогке өз қызметінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың эмоционалдық жағдайына оң әсер етуге және кәсіби күйіп кетудің алдын алуға көмектеседі. Отандық ғалымдар А.Р.Альгожина, Р.Ш.Сабинова, В.Н.Галяпиналар жоғары мектеп педагогтерінің эмоционалды интеллект пен стреске төзімділігінің байланыс ерекшеліктерін зерттей келе, «эмоционалдық тұрақтылық эмоционалды шиеленіс жағдайында ерікті мінез-құлық тәжірибесін жинақтау, сондай-ақ өзін-өзі реттеу дағдылары мен әдеттерін дамыту арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін екендігін айтады [6].

Негізгі ережелер. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығын зерттеу бірқатар себептерге байланысты өзекті болып табылады. Бұл, ең алдымен, осы тақырыптың жеткілікті деңгейде зерттелмеуімен, эмоционалдық тұрақтылыққа ие мамандарға сұраныстың артуымен және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін осы қасиетті дамытуға бағытталған даярлаудың қажеттілігімен түсіндіріледі. Эмоционалдық тұрақтылық жеке тұлғаның маңызды интегративті қасиеті ретінде педагогикалық қызметте айрықша рөл атқарады, алайда бұл ұғымның нақты анықтамасы, оның құрылымы мен қалыптасу механизмдері туралы бірегей түсінік әлі қалыптаспаған.

Мақалада эмоционалдық тұрақтылықтың басты компоненттері мен критерийлері, олардың өзара байланысы және деңгейлік градациялары жан-жақты талданған. Эмоционалдық тұрақтылықтың когнитивтік, эмоционалдық, мотивациялық, еріктік және коммуникативтік өлшемдер арқылы айқындалатыны атап көрсетілген.

Мысалы, мотивация әлсізден жоғарыға дейін, эмоция енжарлықтан шамадан тыс қозғыштыққа дейін, ал өзін-өзі бақылау қабілеті ерік-жігердің әлсіздігінен тұрақтылық пен сенімділікке дейінгі деңгейде сипатталады.

Өткізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығы бойынша үш негізгі топты бөліп көрсетті. Бірінші топта коммуникативтік критерий басым болса, екінші топта еріктік және эмоционалдық критерийлер алдыңғы қатарда. Үшінші топта эмоционалдық, еріктік және коммуникативтік өлшемдер тең дәрежеде дамыған. Бұл нәтижелер эмоционалдық тұрақтылықтың көрсеткіштерін анықтау және болашақ педагогтерді даярлау барысында оларға мән беру қажеттілігін дәлелдейді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығын дамыту үшін оқу бағдарламаларына арнайы тренингтер, практикалық тапсырмалар және жеке тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға арналған әдістемелерді енгізу ұсынылады. Мұндай тәсіл мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық қабілеттерін дамытып, олардың білім беру үдерісіндегі тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығы олардың кәсіби іс-әрекетіне байланысты ерекше сипатта болады. Ең алдымен, оқушылардың сезімдерін байқап, түсіну үшін олардың сезімталдық қасиеттері жоғары болуы қажет. Бастауыш мектеп оқушыларымен жұмыс жасау балалардың жиі көңіл-күйінің өзгеруімен байланысты, бұл мұғалімдер үшін стресстік жағдайлар туғызуы мүмкін. Дегенмен, эмоционалдық тұрақты мұғалім осындай сәттерде сабырлы және сенімді болып қалады, бұл

сыныпта жағымды атмосфераны сақтауға және оқу процесін тиімді жүргізуге көмектеседі. Эмоционалдық тұрақтылық құрылымына қатысты әртүрлі көзқарастарды зерттеу оның құрамдас бөліктерін анықтауға мүмкіндік берді, оған даму критерийлері мен көрсеткіштері кіреді.

Әр адамның эмоционалдық тұрақтылығы – бұл оның психологиялық және эмоционалдық тепе-теңдікті сақтай алу қабілеті. Осы қабілеттің құрылымын тереңірек зерттеу үшін бірқатар еңбектердегі [7-8] тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығының құрылымына қатысты зерттеулерді талдай отырып, біз эмоционалдық тұрақтылықты бірнеше маңызды компоненттерге бөліп қарастырдық, олар: когнитивтік, эмоционалдық, ерік-жігерлі және коммуникативтік. Бұл компоненттер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби жетістіктерін анықтайтын негізгі критерийлер ретінде қарастырылады.

Эмоционалдық тұрақтылықтың әрбір критерийі өз деңгейіне байланысты белгілі бір шекараларды қамтиды: ең төменгі көрсеткіштен ең жоғарыға, жағымсыз сипаттамалардан жағымдысына, шашыраңқы күйден үйлесімділікке дейін ауытқиды. Әр критерийдің ортасында оның тиімді немесе оңтайлы деңгейі орналасады. Бұл деңгей болашақ педагогтердің кәсіби және эмоционалдық тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік беріп, олардың педагогикалық қызметке бейімділігін күшейтеді.

1. Когнитивтік критерий болашақ мұғалімдердің кәсіби қызмет ерекшеліктері мен стресс жағдайларының себептері туралы білімдерін сипаттайды. Бұл білімнің жеткілікті әрі жүйелі болуы маңызды. Егер білім жетіспесе немесе ол тек фрагменттелген ақпаратқа негізделсе, студент кәсіби қиындықтарға дайын болмайды. Ал білімнің шамадан тыс көптігі, бірақ жүйесіз ұйымдастырылуы, оны тәжірибеде дұрыс қолдануға кедергі келтіруі мүмкін. Оңтайлы деңгейде студент кәсіби білімді меңгеріп, оны түсініп, іс жүзінде пайдалана алады және үнемі өзін-өзі дамытуға ұмтылады.

2. Мотивациялық критерий студенттердің кәсіби мотивациясының қалыптасу дәрежесін көрсетеді. Бұл критерий студенттердің оқу мен кәсіби дамуға деген қызығушылығы мен ұмтылысын анықтайды. Егер мотивация деңгейі төмен болса, студент өзінің оқуы мен кәсіби қызметіне салғырт қарайды, өзін-өзі дамытуға ниет білдірмейді. Ал керісінше, шамадан тыс жоғары мотивация студенттің шынайы мүмкіндіктерімен сәйкес келмейтін үміттер мен болжамдарға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда студент өз мамандығына көңілі толмауы немесе мақсатқа жету ниетінен айырылуы мүмкін. Осыған байланысты, мотивациялық тепе-теңдікті сақтау үшін ішкі және сыртқы мотивтердің үйлесімділігі маңызды.

3. Эмоционалдық критерий адамның эмоцияларын реттеу қабілетін бағалайды. Бұл критерийдің шеткі деңгейлері ретінде эмоционалдық енжарлық (сезімдердің әлсіздігі, немқұрайлы көзқарас) және эмоционалдық қозғыштықтың жоғары болуы (шамадан тыс, сәйкес емес реакциялар, мысалы, ашуланшақтық немесе агрессия) қарастырылады. Эмоционалдық тұрақтылықтың идеалды деңгейі – бұл адамның эмоцияларын басқара білуі, сыртқы әсерлерге оңтайлы жауап беруі және өзін теңгерімді күйде ұстай алуы.

Осылайша, болашақ педагогтердің эмоционалдық тұрақтылығы олардың кәсіби қызметте өзін-өзі табысты көрсетуінің маңызды шарты болып табылады. Бұл тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін мотивацияны, білімді және эмоцияларды теңгерімді түрде үйлестіру, сондай-ақ өзін-өзі дамытуға және кәсіби жетілуге үнемі ұмтылу қажет.

4. Ерік-жігерлік критерий де екі қарама-қарсы көрсеткішті қамтиды: бір жағынан, дәрменсіздік сезімі, өзін-өзі бақылау дағдыларының болмауы, ал екінші жағынан, шамадан тыс өзіне сенімділік және өзін-өзі қатаң бақылау. Бұл көрсеткіштердің екі шеткі көріністері адамның психологиялық және эмоционалдық денсаулығы үшін қауіпті болуы мүмкін, сондай-ақ эмоционалдық шаршау мен күйзелістің дамуына ықпал етіп, адам қызметінің тиімділігін айтарлықтай төмендетуі мүмкін. Бұл жағдайда теңгерім көрсеткіші ретінде ерік-жігерлік өзін-өзі бақылау алға шығады, яғни ерік-жігерлік өзін-өзі реттеудің адекватты деңгейі, жағдайға байланысты өз әрекеттерін саналы түрде басқару қабілеті. Ерік-жігерлік өзін-

өзі бақылаудың жоғары деңгейі адамның эмоционалдық жетілуін, оның дербестігін, әлеуметтік жағымды бағыттылығын көрсетеді.

5. Коммуникативтік критерийдің қарама-қарсы көрсеткіштері – коммуникативтік енжарлық (байланыстан қашу, басқалармен қарым-қатынас орната алмау) және коммуникативтік агрессивтілік, яғни «коммуникация актілері кезінде көрінетін агрессивтілік» [9]. Педагогикалық мамандық мамандары үшін тұрақтандыратын көрсеткіш – бұл жеке тұлғаның коммуникативтік төзімділігі, ол басқа адамға құндылық және жеке тұлға ретінде қарауды білдіреді [10].

Эмоционалдық тұрақтылықты зерттеуде мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық, ерік-жігерлік және коммуникативтік критерийлерді бөліп көрсету орынды. Эмоционалдық тұрақтылық көрсеткіштерін қарама-қарсы спектрде қарастыру тиімді. Мұндай критерийлер мен көрсеткіштерді жіктеу тәсілі әрбір көрсеткіштің нақты жағдайға байланысты әртүрлі болуы мүмкіндігін ескереді. Бұл тұлғалық сипаттама ретінде эмоционалдық тұрақтылықтың, сондай-ақ оның құрамдас бөліктерінің икемділігін көрсетеді. Осыған байланысты әрбір критерий мен көрсеткіштің даму деңгейіне қарай студенттерді түрлі топтарға бөлуге болады.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеудің негізгі мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығының даму ерекшеліктерін анықтау және оны қалыптастыру жолдарын ұсыну. Аталған мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер белгіленді:

1. «Эмоционалдық тұрақтылық» ұғымын теориялық тұрғыда негіздеу;
2. Студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын бағалауға арналған сенімді және валидті әдістемелерді іріктеу;
3. Эмпирикалық мәліметтерді жинау, талдау және статистикалық өңдеу;
4. Алынған нәтижелерді бұрынғы зерттеулермен салыстыра отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығына әсерін анықтау;
5. Зерттеу шектеулерін айқындап, келесі зерттеу кезеңдеріне ұсыныстар беру.

Зерттеуге қатысушылар және әдістемелер. Зерттеуге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бастауыш сынып мұғалімі болуға дайындалып жатқан 1–4-курс студенттері қатысты (N=76). Бұл топтың таңдалуы болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда эмоционалдық тұрақтылықтың маңыздылығымен байланысты.

Зерттеу барысында төмендегі әдістемелер қолданылды:

- Б.Н.Смирновтың «Эмоционалдық қозғыштық – тепе-теңдік» әдістемесі [11];
- А.В.Зверьков және Е.В.Эйдманның «Ерік-жігерлік өзін-өзі бақылауды диагностикалау» әдістемесі [12];
- В.В.Бойконың «Коммуникативтік агрессивтіліктің интегралдық формаларын анықтау» әдістемесі [13];
- «Коммуникативтік төзімділікті диагностикалау» әдістемесі [14];
- С.М.Кетько және С.А.Пакулинаның «Педагогикалық университет студенттерінің оқу мотивациясы» әдістемесі [15].

Әр әдістеме бойынша алынған ұпайлар диапазонына байланысты жоғары/төмен деңгейлер анықталды. Кейбір әдістемелерде (мысалы, ерік-жігерлік өзін-өзі бақылау, коммуникативтік төзімділік) Cronbach's alpha көрсеткіштері 0,70-тен жоғары болғандықтан сенімділік дәрежесі қанағаттанарлық деп есептелді. Эмпирикалық мәліметтерді статистикалық өңдеу үшін ранжирлеу әдісі, салыстырмалы пайыздық үлестер және орташа мәндер (M), стандарттық ауытқулар (SD) пайдаланылды.

Зерттеу барысында студенттердің эмоционалдық тұрақтылығының дамуына ықпал ететін коммуникативтік, мотивациялық, когнитивтік, ерік-жігерлік және эмоционалдық критерийлер анықталды. Нәтижелерге сай, студенттер үш дифференциалды топқа бөлінді:

1. «Бір критерий бойынша басымдық»


- Коммуникативтік критерий: 14 адам (18,4%). Бұл топ басқалардың кемшіліктеріне төзімділік, эмпатияға бейімділік арқылы сипатталады.

- Мотивациялық критерий: 1 адам (1,3%). Бұл топта ішкі (білім алуға, жақсы нәтижеге жетуге ұмтылу) және сыртқы (жұмысқа орналасуда тұрақтылық пен жоғары жалақы іздеу) мотивтер анық байқалады.

- Когнитивтік критерий: 0 адам (0%). Эмоционалдық тұрақтылыққа әсер ететін танымдық ерекшеліктер басым түрде анықталмады.

- Ерік-жігерлік критерий: 7 адам (9,2%). Бұл шешімділік, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылу, өзіне деген сенімділік сияқты сипаттамалармен ерекшеленеді.

- Эмоционалдық критерий: 3 адам (3,9%). Мұнда басқалардың пікіріне тәуелділіктің төмендігі, өзін-өзі басқару қабілетінің жеткілікті дамуы байқалады.



1-сурет. «Бір критерий бойынша басымдық» көрсеткіштері

«Екі критерий бойынша басымдық» (N=76)


Ерік-жігерлік + эмоционалдық: 5 адам (6,6%). Стресс жағдайында сабырлы бола алады, өз эмоцияларын реттеуге икемді, шешім қабылдауда тұрақтылық танытады.

Коммуникативтік + ерік-жігерлік: 2 адам (2,6%). Өзін-өзі бақылау қабілеті жоғары, ұсақ-түйекке бола уайымдамауға тырысады.

Коммуникативтік + эмоционалдық: 3 адам (3,9%). Қозғыштық пен ашушандық көрсеткіштері төмен деңгейде байқалып, керісінше, сабырлылық, ұстамдылық және жағдайды дұрыс саралай білу қабілеті айқын көрінеді.


2. «Үш критерий бойынша үйлесімділік»

Бұл топта коммуникативтік, эмоционалдық және ерік-жігерлік қасиеттердің үйлесімі басымдыққа ие: мұндай сипаттамалар 2 респондентте (2,6%) анықталды. Мұндай адамдар жоғары коммуникативтік икемділікке, өзін-өзі ұстай білу қабілетіне, сондай-ақ эмоционалдық тепе-теңдік пен тұрақтылық байқалады.



2-сурет. «Екі критерий бойынша басымдық» көрсеткіштері

Қалған 39 адамда (51,3%) көрсетілген критерийлердің ешқайсысы бойынша айқын басымдық анықталмады. Бұл – студенттердің басым бөлігінде эмоционалдық тұрақтылықтың біртұтас жүйе ретіндегі айқын көріністері әлі толық қалыптаспағанын немесе аралық деңгейде екенін көрсетеді.



3-сурет. «Үш критерий бойынша басымдық» көрсеткіші

Алынған нәтижелерді бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда (мысалы, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастырудағы коммуникативтік дағдылардың ықпалы туралы бірқатар авторлар жұмыстарында [1,2,3]) мынадай өзекті тұжырымдар жасауға болады:

- Студенттердің көпшілігінде нақты бір критерийдің айқын басым болмауы – эмоционалдық тұрақтылықтың кешенді құбылыс екендігін тағы да растайды.

- Коммуникативтік критерийдің жиірек кездесуі болашақ мұғалімдердің адамдармен жұмыс істеуге деген бастапқы бейімділігімен түсіндіріледі. Мұғалім кәсібі көбіне тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделгендіктен, мұндай қасиеттер ерте дамиды.

- Мотивациялық критерийдің сирек байқалуы студенттердің ішкі және сыртқы мотивтер арасында толық айқындық таппай отырғанын көрсетуі мүмкін. Кейбір зерттеулерде (мысалы, Х, Y авторлар) педагогикалық мамандықты таңдаған студенттерде кәсіби өзін-өзі тану барысы біраз уақытты талап ететіні айтылған.

- Когнитивтік критерийдің болмауы (0%) танымдық компоненттердің (мысалы, ақыл-ой икемділігі, ойлау стилі, академиялық жетістіктер) эмоционалдық тұрақтылықпен байланысы нашар дегенді білдірмейді; мүмкін, бұл критерий осы зерттеудің ерекшелігіне немесе қолданылған әдістемелердің танымдық аспектілерді жеткілікті қамтымауына байланысты байқалмаған болар.

Зерттеудің шектеулері

1. Үлгінің көлемі: N=76 адам – салыстырмалы түрде кішігірім таңдама, сондықтан алынған нәтижелерді бүкіл студенттер қауымына кеңінен жалпылау қиын.

2. Аймақтық ерекшелік: Зерттеу тек бір ғана өңірдегі (Қызылорда) университетте жүргізілді, сондықтан басқа өңірлерге тән айырмашылықтар ескерілмеген.

3. Өлшеу құралдарының субъективтілігі: Қолданылған әдістемелердің барлығы дерлік өзін-өзі бағалау қағидатына негізделеді (self-report), бұл әлеуметтік қолайлылыққа ұмтылу немесе респонденттердің шынайы жауап бермеуі сияқты факторларға әсер етеді.

4. Көлденең зерттеу сипаты (cross-sectional): Бұл зерттеу студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын белгілі бір кезеңде ғана бағалады. Уақыт өте келе олардың жағдайының өзгеру динамикасын байқауға мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді (лонгитюдтік) зерттеулер жүргізуге болады.

Зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығы көбінесе олардың коммуникативтік дағдыларымен тығыз байланысты екенін анық-

тады. Сонымен қатар, көптеген студенттерде бір ғана критерийдің нақты басымдығы әлі толық қалыптаспағаны байқалды. Алынған деректер педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға арналған мақсатты шаралар мен бағдарламаларды құрастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, зерттеудің шектеулері мен ұсынылған жаңа бағыттар зерделеуді тереңдетуге және болашақ мұғалімдердің кәсіби педагогикалық құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.

Т.А.Савина педагогтің эмоционалдық тұрақтылығын ішкі (мотивациялық, эмоционалдық, ерік-жігерлік, когнитивтік, перцептивтік) және сыртқы (әлеуметтік орта факторлары) өзгерістерге бейімделу қабілеті ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, эмоционалдық тұрақты педагог психорегуляция дағдыларының қалыптасқандығымен, төзімділігімен және стрессогендік әсерлерге қарсы тұра алу қабілетімен ерекшеленеді. Бұл көзқарас біздің зерттеу нәтижелерімен үндеседі, өйткені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығы когнитивтік, мотивациялық, эмоционалдық, ерік-жігерлік және коммуникативтік компоненттердің даму деңгейіне байланысты өзгертіні анықталды. Сонымен қатар, автор фрустрацияға төзімділік пен психологиялық тұрақтылықты сақтау қабілеті эмоционалдық тұрақтылықтың негізгі көрсеткіштері ретінде қарастырылады [16]. Бұл біздің зерттеуде анықталған нәтижелермен сәйкес келеді, өйткені болашақ мұғалімдердің эмоционалдық тұрақтылығы кәсіби бейімделуге және педагогикалық қызметтегі стресстік жүктемені азайтуға тікелей әсер ететіні айқын.

Зерттеулер көрсеткендей, студенттердің басым бөлігінде эмоционалдық тұрақтылықтың коммуникативтік аспектілері жоғары деңгейде дамыған. Бұл педагогикалық психологиядағы негізгі теориялық тұжырымдармен сәйкес келеді. Мысалы, Л.С.Выготскийдің әлеуметтік даму теориясы тұлғаның қалыптасуында қарым-қатынастың басты рөл атқаратынын атап өтеді. Мұғалімдік мамандықты таңдаған студенттер үнемі адамдармен байланыста болатындықтан, олардың коммуникативтік дағдылары ертерек қалыптасуы мүмкін [17]. Сонымен қатар, Л.С.Выготскийдің «Жақын даму аймағы» теориясы бойынша, тұлғаның әлеуметтенуі оның қабілеттерін жетілдірудің маңызды факторы болып табылады. Бұл студенттердің жоғары коммуникативтік икемділігін түсіндіреді. Педагогикалық мамандықтың ерекшелігіне байланысты болашақ мұғалімдердің эмоционалдық тұрақтылығы көбінесе олардың қарым-қатынас жасау қабілетімен тығыз байланысты [18].

Л.М.Аболин эмоционалдық тұрақтылықтың негізін жүйке-психикалық энергия қорларымен байланыстырады. Олардың пікірінше, адамның психологиялық төзімділігі мен стресске қарсы тұру қабілеті оның жүйке жүйесінің ресурстарына, эмоционалдық реакцияларын реттеу мүмкіндігіне және ішкі энергия қорларын тиімді пайдалануына тікелей тәуелді. Осы ресурстардың жеткілікті болуы тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығын сақтап, кәсіби қызметтегі күйзелісті жеңіл еңсеруге ықпал етеді [19].

Зерттеу барысында мотивациялық критерийдің сирек байқалғаны студенттердің ішкі және сыртқы мотивацияларының әлі толық қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл аспект білім беру психологиясында маңызды мәселе болып саналады. Өйткені көптеген зерттеулер ішкі мотивациясы жоғары студенттердің оқу жетістіктері мен кәсіби дамуында табысты болатынын көрсеткен. Эдвард Деси мен Ричард Райанның «Өз-өзіне детерминация теориясы» бойынша, ішкі мотивациясы жоғары студенттер қиындықтарды жеңуге, жаңа білімді игеруге және өздерін дамытуға ұмтылады [20].

Ал сыртқы мотивацияға сүйенетіндер тек материалдық пайда немесе әлеуметтік қолдауға тәуелді болады. Студенттердің мотивациялық критерийі әлсіз болуы олардың мамандыққа деген қызығушылығының толық қалыптаспағанын немесе педагогикалық қызметке деген ішкі қажеттілікті әлі сезінбегенін білдіреді.

Зерттеу нәтижелері студенттердің когнитивтік критерийі (танымдық қабілеттері) эмоционалдық тұрақтылықтың негізгі компоненті ретінде айқындалмағанын көрсетті. Бұл күтілмеген нәтиже, себебі академиялық жетістіктер мен эмоционалдық тұрақтылық арасындағы байланыс бұрынғы зерттеулерде расталған. М.Зейднер когнитивтік қабілеттер мен

эмоциялық интеллект арасындағы байланысты зерттей отырып, танымдық икемділігі жоғары студенттердің стресс жағдайында эмоцияларын жақсы басқаратынын анықтаған [21]. Бірақ когнитивтік аспектілерді зерттеу үшін арнайы әдістер қажет, ал қолданылған әдістемелер танымдық компоненттерді жеткілікті деңгейде өлшемеген болуы мүмкін. Когнитивтік критерийдің болмауы когнитивтік қабілеттер мен эмоционалдық тұрақтылық арасында байланыс жоқ дегенді білдірмейді. Бұл зерттеудің ерекшелігі немесе әдістемелердің шектеулігімен байланысты болуы мүмкін.

Қорытынды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығын жан-жақты зерттеу – қазіргі білім беру жүйесінде аса маңызды бағыттардың бірі. Мұндай зерттеудің өзектілігі бірнеше факторлармен анықталады: біріншіден, эмоционалдық тұрақтылыққа қатысты ғылыми тұжырымдардың жеткіліксіздігі; екіншіден, эмоционалдық жүктемесі жоғары педагогтерге қойылатын кәсіби талаптардың күшеюі; үшіншіден, аталмыш қасиетті мақсатты түрде дамыта алатын білікті мамандарға қоғамның сұранысының артуы.

Жүргізілген теориялық және эмпирикалық талдаулар көрсеткендей, эмоционалдық тұрақтылық – бірқатар құрылымдық элементтерден (мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық, ерік-жігерлік, коммуникативтік) құралған, тұтас және күрделі феномен. Жеке тұлғаның бойында осы компоненттердің бірінің немесе бірнешеуінің даму деңгейі кәсіби қалыптасу процесінде маңызды рөл атқарады. Нақты бір критерийдің жетілу дәрежесі болашақ педагогтің тұлғалық ерекшеліктерін көрсетсе, бірнеше критерийдің үйлесімді дамуы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізін құрайды.

Критерийлердің градация түрінде берілуі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Төмен деңгейден жоғары деңгейге дейін біртіндеп дамуды бағалау арқылы студенттердің қай тұста қандай қолдауға мұқтаж екені айқындалады.

Бір, екі және үш критерийдің басымдығы бар топтардың анықталуы зерттелуші студенттер қауымының эмоционалдық тұрақтылығының әртүрлі деңгейлерде көрінетінін дәлелдейді. Бір критерий басым болған топта көбіне коммуникативтік критерийдің жиілігі байқалса, екі критерийді қатар меңгергендер еріктік және эмоционалдық аспектілерге басымдық береді. Ал үш критерийдің бірдей дамуы мұғалім болуға дайындалып жатқан студенттің эмоцияны реттеу, өзін-өзі бақылау және тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі бастауыш сынып мұғалімін үнемі қарқынды эмоциялық жағдайларға тап болуға мәжбүр етеді: кіші жастағы балалармен қарым-қатынастағы өзгермелі эмоционалдық фон, ата-аналармен, әріптестермен өзара әрекеттесу және кәсіби міндеттердің көптігі. Эмоционалдық тұрғыда тұрақты болу – педагогтің кәсіби төзімділігін және оқыту үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін басты шарттардың бірі.

Тәжірибелік ұсыныстар оқу бағдарламаларына психологиялық тренингтер, әлеуметтік-педагогикалық практикумдар мен коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге арналған әдістемелік құралдарды енгізуге саяды. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің практикалық машықтарын ерте кезеңнен бастап шыңдауға, сөйтіп олардың эмоционалдық тұрақтылығын жүйелі түрде қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің нәтижелері болашақ педагогтердің эмоционалдық тұрақтылығын түрлі қырларынан (мотивациялық, когнитивтік және т.б.) қарастырудың тиімді екенін дәлелдей отырып, болашақта келесі бағыттарда жұмыс істеуге мүмкіндік береді:

Әдістемелік ауқымды кеңейту: басымдық берілген критерийлерді нақтылайтын немесе тереңдететін қосымша психологиялық өлшеу құралдарын енгізу;

Ұзақ мерзімді (лонгитюдтік) зерттеулер: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылық дамуының динамикасын бірінші курстан бастап бітіргенге дейін бақылау;

Аймақтық және мәдени ерекшеліктерді ескеру: басқа өңірлер мен елдерде салыстырмалы зерттеулер жүргізу, нәтижелерді жалпылап, теориялық және практикалық негіздемесін кеңейту.

Эмоционалдық тұрақтылықтың теориялық және әдіснамалық аспектілерін талдау, сондай-ақ жүргізілген эмпирикалық зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында бұл қасиеттің жеткіліксіз зерттелгенін көрсетті. Қазіргі таңда мұғалім мамандығы – ең эмоционалды жүктемесі жоғары сала, сондықтан студенттердің эмоцияларын басқару, өзін-өзі бақылау және әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілеттерін дамытуға ерекше назар аудару қажет. Критерийлер бойынша кешенді талдау және нәтижелерді оқу үдерісіне ендіру педагогикалық оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби дайындығы мен тұлғалық өсуіне оң ықпалын тигізеді.

Осылайша, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жүйелі жұмыс – педагогикалық білім беру процесінің ажырамас бөлігі болуға тиіс. Мұндай ұстаным болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өз кәсібіне деген қызығушылығын сақтап, ұзақ мерзімді кәсіби өрлеуіне, ең бастысы, бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты дамуы мен денсаулығына жағымды әсер етуіне септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Voss T. *Changes in beginning teachers' classroom management knowledge and emotional exhaustion during the induction phase* / T.Voss, W.Wagner, U.Klusmann, U.Trautwein, M.Kunte // *Contemporary Educational Psychology*. – 2017. – Vol. 51. – P. 170–184.
2. Lee M. *Teachers' emotions and emotion management: integrating emotion regulation theory with emotional labor research* / M. Lee, R. Pekrun, J. Taxer, P. Schutz, L. Vog, X. Xie // *Social Psychology of Education*. – 2016. – Vol. 19. – No. 4. – P. 843–863.
3. Лазарев М.А. *Профессиональная устойчивость будущих педагогов: потенциал в процессе подготовки и критерии оценки* / М.А. Лазарев, О.В. Стукалова, Т.В. Темирова // *Наука и школа*. – 2018. – № 2. – С. 62–68.
4. Сарбасова Г.Ж. *Студент-психологтардың эмоционалды ұстамдылығы* // *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. «Психология және әлеуметтану» сериясы*. – Алматы, 2017. – № 4 (63). – 14-21 б.
5. Филиппова С.А. *Эмоциональная устойчивость будущих педагогов к негативному влиянию современной информационной среды* / С.В.Пазухина, Т.И.Куликова, Н.А.Степанова // *Психологическая наука и образование* - 2019. Том 24. № 5
6. Альгожина А.Р., Сабирова Р.Ш, Галяпина В.Н. *Жоғары мектеп педагогтерінің эмоционалды интеллект пен стресске төзімділігінің байланыс ерекшеліктері* // *Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика»*. 2022. – № 1(105). – С. 18.
7. Уварина Н.В., Савченков А.В. *Эмоциональная устойчивость как важнейший компонент профессиональной устойчивости педагога* // *Вестник ЮУрГУ. Серия «Образование. Педагогические науки»*. 2019. Т. 11, № 2. С. 36–46
8. Ашихмина О.А. *Эмоциональная устойчивость психологов системы образования на разных этапах профессионализации: автореф. дис. канд. психол. наук. М., 2015. 26 с.*
9. Яковлева Ю.В. *Педагогическое обеспечение развития эмоциональной устойчивости будущих учителей: автореф. дис. канд. пед. наук. Ярославль, 2017. – 23 с.*
10. Айдосова Ж.К., Ким А.М., Хон Н.Н., Абдуганиева Р. *Эмоциональный интеллект и совладание с проблемами здоровья* // *Вестник КазНУ. Серия «Психология и социология»*. – 2018. – Т. 65, № 2. – С. 4-13.
11. Смирнов Б.Н. *Методика диагностики (Эмоциональная возбудимость – уравновешенность)* <https://cpd-program.ru/methods/evu.htm>
12. «Исследование волевой саморегуляции» А.В.Зверькова и Е.В.Эйдмана <https://testoteka.narod.ru/lichn/2/05.html>
13. Бойко В.В. *Диагностика коммуникативной агрессивности* <https://psytests.org/boyko/boagr.html>
14. Бойко В.В. *Опросник коммуникативной толерантности* <https://insight-nsk.ru/info/testy/testy-lyubov-druzhba-otmosheniya/oprosnik-kommunikativnoy-tolerantnosti-v-v-boyko/>
15. Кетько С.М., Пакулина С.А. *Методика диагностики мотивации учения студентов педагогического вуза* // *Психологическая наука и образование psyedu.ru*. 2010. Том 2. № 1. URL: https://psyjournals.ru/journals/psyedu/archive/2010_n1/26655
16. Савина Т.А. *Формирование эмоциональной устойчивости будущего педагога: Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. - Москва, 2010. - 20 с.*
17. Seth Barnett *Application of Vygotsky's Social Development Theory Journal of Education and Practice*.- 2019.- Vol.10, No.35.
18. Harland, T. (2003). *Vygotsky's Zone of Proximal Development and Problem-based Learning: Linking a theoretical concept with practice through action research. Teaching in Higher Education*, 8(2), 263–272.
19. Аболин Л. М. *Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека* / Под ред. В. В. Давыдова. Казань, 1987. -262 с.

20. Mazin Vasy, Byrka Marian *Motives of teenagers to participate in fencing and football sports Journal of Physical Education and Sport ® (JPES).*-2022.- Vol. 22 (issue 5), Art 165, pp. 1319 – 1326.

21. Zeidner, M., Roberts, R. D., & Matthews, G. *Can Emotional Intelligence Be Schooled? A Critical Review. Educational Psychologist*, 2002.- Vol. 37(4), P. 215–231.

References:

1. Voss T. *Changes in beginning teachers' classroom management knowledge and emotional exhaustion during the induction phase / T. Voss , W. Wagner, U.Klusmann, U. Trautwein, M. Kunter // Contemporary Educational Psychology. – 2017. – Vol. 51. – P. 170–184.*

2. Lee M. *Teachers' emotions and emotion management: integrating emotion regulation theory with emotional labor research / M. Lee, R. Pekrun, J. Taxer, P. Schutz, L. Vog, X. Xie // Social Psychology of Education. – 2016. – Vol. 19. – No. 4. – P. 843–863.*

3. Lazarev M.A. *Professional'naya ustojchivost' budushchih pedagogov: potencial v processe podgotovki i kriterii ocenki / M.A. Lazarev, O.V. Stukalova, T.V. Temirova // Nauka i shkola. – 2018. – № 2. – S. 62–68.*

4. Sarbasova G.ZH. *Student-psihologtardynı emocionaldy ıstamydylyzy // Өl-Farabi atyndazy QazYU Habarshy. «Psihologiya zhane әleumettanu» seriyasy. – Almaty, 2017. – № 4 (63). – 14-21 b.*

5. Filippova S.A. *Emocional'naya ustojchivost' budushchih pedagogov k negativnomu vliyaniyu sovremennoj informacionnoj sredy / S.V. Pazuhina, T.I. Kulikova, N.A. Stepanova // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie - 2019. Tom 24. № 5*

6. Al'gozhina A.R., Sabirova R.SH, Galyapina V.N. *ZHozary mektep pedagogteriniń emocionaldy intellekt pen stresske tozımdiliginiń bajlanys erekshelikteri // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Pedagogika». 2022. – № 1(105). – C. 18.*

7. Uvarina N.V., Savchenkov A.V. *Emocional'naya ustojchivost' kak vazhnejshij komponent professional'noj ustojchivosti pedagoga // Vestnik YUUrGU. Seriya «Obrazovanie. Pedagogicheskie nauki». 2019. T.11, № 2. S.36–46*

8. Ashihmina O.A. *Emocional'naya ustojchivost' psihologov sistemy obrazovaniya na raznyh etapah professionalizacii: avtoref. dis. kand. psihol. nauk. M., 2015. 26 s.*

9. Ykovleva YU.V. *Pedagogicheskoe obespechenie razvitiya emocional'noj ustojchivosti budushchih uchitelej: avtoref. dis. kand. ped. nauk. YAroslavl', 2017. – 23 s.*

10. Ajdosova ZH.K., Kim A.M., Hon N.N., Abduganieva R. *Emocional'nyj intellekt i sovladanie s problemami zdorov'ya // Vestnik KazNU. Seriya «Psihologiya i sociologiya». – 2018. – T. 65, №. 2. – S. 4-13.*

11. Smirnov B.N. *Metodika diagnostiki (Emocional'naya vozbudimost' – urovnoveshennost')* <https://cpd-program.ru/methods/evu.htm>

12. *«Issledovanie volevoj samoregulyacii» A.V. Zver'kova i E.V. Ejmana* <https://testoteka.narod.ru/lichn/2/05.html>

13. Bojko V.V. *Diagnostika kommunikativnoj agressivnosti* <https://psytests.org/boyko/boagr.html>

14. Bojko V.V. *Oprosnik kommunikativnoj tolerantnosti* <https://insight-nsk.ru/info/testy/testy-lyubov-druzhiba-otnosheniya/oproshnik-kommunikativnoy-tolerantnosti-v-v-boyko/>

15. Ket'ko S.M., Pakulina S.A. *Metodika diagnostiki motivacii ucheniya studentov pedagogicheskogo vuza // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie psyedu.ru. 2010. Tom 2. № 1. URL: https://psyjournals.ru/journals/psyedu/archive/2010_n1/26655*

16. Savina T.A. *Formirovanie emocional'noj ustojchivosti budushchego pedagoga: Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata pedagogicheskikh nauk. - Moskva, 2010. - 20 s.*

17. Seth Barnett *Application of Vygotsky's Social Development Theory Journal of Education and Practice.*- 2019.- Vol.10, No.35.

18. Harland, T. (2003). *Vygotsky's Zone of Proximal Development and Problem-based Learning: Linking a theoretical concept with practice through action research. Teaching in Higher Education*, 8(2), 263–272.

19. Abolin L. M. *Psihologicheskie mekhanizmy emocional'noj ustojchivosti cheloveka / Pod red. V. V. Davydova. Kazan', 1987. -262 s.*

20. Mazin Vasy, Byrka Marian *Motives of teenagers to participate in fencing and football sports Journal of Physical Education and Sport ® (JPES).*-2022.- Vol. 22 (issue 5), Art 165, pp. 1319 – 1326.

21. Zeidner, M., Roberts, R. D., & Matthews, G. *Can Emotional Intelligence Be Schooled? A Critical Review. Educational Psychologist*, 2002.- Vol. 37(4), P. 215–231.